**Автор**: Тулеуова Бибигул
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Сүйіспеншілік пен достық
**Тақырып**: Сүйіспеншілік бастауы- туған жерді сүю

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | 7.1.5.1 Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.<br>7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе) |
| Сабақтың критерийлері | 1. Проблемалық сұраққа дәлелді жауап береді.<br>2. Тақырыпқа қатысты мәселе мен себепті анықтайды.<br>3. Мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіріп дискуссивті эссе жазады. |
| Тілдік мақсаттар: | Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: туған жер, көркейту, мал шаруашылығы, сүйіспеншілік, махаббат, еңбекқорлық, ата кәсіп.<br>Менің ойымша; пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін; оның мынадай себептері бар; себебін былай түсіндіремін. |
| Осыған дейін меңгерілген білім | Проблемалық сұрақтар құрастыру дағдысы қалыптасты. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.<br>Мақсаттар бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?<br>Дискуссивті эссе қалай жазылады?<br>Бүгін біз нені жақсы жасауымыз керек?<br>***Оқушылар сабақтың критерийлерін құрастырады.*** | |

<table>
<tr><th>Сабаққезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы (30 минут)</td><td>
Сыныптық талқылау. Тыңдалым алдындағы тапсырма.<br>
Оқушылармен сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме жүргізіледі:<br>
Сүйіспеншілік деген сөздің синонимін білеміз бе?<br>
Туған жерге деген махаббат қалай көрініс табады?<br>
1.Тыңдалым тапсырмасы. Топтық жұмыс - 7 мин<br>
1- қадам.Бейнежазба тамашалайды.<br>
2-қадам. Конверттегі сұрақтардан проблемалық сұрақтарды іріктеп алып, дәлелді жауап береді. Сұрақтар:<br>
1.Ж. Үшкемпіровтің спорттағы жетістіктері оның болашақ істеріне қалай әсер етті? 2.Ж. Үшкемпіров атағы жер жарған спортшы бола тұрып, не себептен мал шаруашылығымен айналысты?<br>
3. Еліміздегі әрбір ауыл гүлденуі үшін не істеу керек?<br>
4. Ж. Үшкемпіров мал шаруашылығымен айналыспас бұрын немен айналысты?<br>
5. Жақсылықтың негізгі мамандығы қандай?<br>
6. Ж. Үшкемпіров спорттың қай түрімен айналысты?<br>
7. «Жақсылық» шаруа қожалығы қай облыста?<br>
8. Жақсылық ауылына қандай мекемелер салды?<br>
9. Ж. Үшкемпіров қандай мал өсірумен айналысады ?
<table>
<tr><td>Сыртқа - қарапайым сұрақ ауызша</td><td>Ішке – проблемалық сұрақ жазбаша</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
ҚБ
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру,өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.</td><td>1. Проблемалық сұрақты табады.<br>2.Мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап береді.</td></tr>
</table>
«Менен бір жұлдыз» әдісі бойынша топтар ең жақсы жауапқа жұлдыздарын сыйлайды.<br>
2.Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «5 минуттық эссе»<br>
Оқушылар сабақ барысында алған білімдерін қолданып, ұсынылған тақырыпқа дискуссивті эссе жазады.<br>
«Туған ауыл тағдыры ұл-қызының қолында» деген пікірге келісесіз бе?
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіріп дискуссивті эссе жазады.</td><td>1.Құрылымы мен даму желісін сақтап жазады. 2.Мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынады.<br>3. Өз көзқарасын білдіреді</td></tr>
</table>
Бағалау. «Бағалау терезесі» әдісі арқылы топ мүшелері бірін-бірі тексереді.<br>
Кері байланыс. Критерийлерге сай жұмыстар «Автор орындығы» әдісімен жарияланады.
</td><td>https://www.youtube.com/watch?v=wX_0p5FYZxc<br><br>"Конверттегі сұрақтар"<br><br>"Ішке, сыртқа" кестесі</td></tr>
</table>

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(5 мин) | Рефлексия «7 МЕН» Қалаған Меннің бірін қолданып, рефлексия жасайды.<br>Мен бүгін<br>Менің ...<br>Маған<br>Мені<br>Менде<br>Менен<br>Менімен<br><br>Мұғалімнің кері байланысы. | |